29.08.2025ж
№ 205-3054

«Астананың санитарлық-қорғау жасыл аймағын күтіп-ұстау және дамыту үшін заңды тұлғаны айқындау туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Қазақастан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне астананы және республикалық маңызы бар қалаларды, ұлттық жобаларды дамыту, кәсіпкерлік және мемлекеттік органдардың функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 17 шілдедегі № 213-VIII заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Астананың санитарлық-қорғау жасыл аймағын күтіп-ұстау және дамыту үшін жарғылық капиталында мемлекеттің жүз пайыздық қатысуы бар заңды тұлға – «Астана орманы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – серіктестік) болып айқындалсын.
2. Серіктестіктің Жарғысына енгізілетін толықтыру осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын серіктестіктің Жарғысына енгізілген толықтыру туралы хабарласын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.
5. Осы қаулы 2025 жылдың 1 қазанынан бастап күшіне енеді.

«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ
Мемлекеттік-құқықтық бөлімі

Астана қаласы
әкімдігінің және әкімінің актілері үшін

Әкім **Ж. Қасымбек**

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «29» 08
№ 205-3054 қаулысына
қосымша

«Астана орманы» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің Жарғысына
енгізілетін толықтыру

«Астана орманы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысы мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

«10-1. Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты астананың санитарлық-қорғау аймағын күтіп-ұстау және дамыту.».

29.08.2025г
№ 205-3054

Об определении юридического лица для содержания и развития санитарно-защитной зеленой зоны столицы

В соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, законами Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», от 17 июля 2025 года № 213-VIII «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития столицы и городов республиканского значения, национальных проектов, предпринимательства и оптимизации функций государственных органов», акимат города Астаны **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1. Определить юридическое лицо со стопроцентным участием государства в уставном капитале для содержания и развития санитарно-защитной зеленой зоны столицы – товарищество с ограниченной ответственностью «Астана орманы» (далее – товарищество).

2. Утвердить дополнение, вносимое в Устав товарищества, согласно приложению к настоящему постановлению.

3. Товариществу в установленном законодательством Республики Казахстан порядке уведомить некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан» о дополнении, внесенном в Устав товарищества.

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на первого заместителя акима города Астаны Нуркенова Н.Ж.

5. Настоящее постановление вступает в силу с 1 октября 2025 года.

Аким **Ж. Қасымбек**

«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ
Мемлекеттік-құқықтық бөлімі
Астана қаласы
әкімдігінің және әкімінің актілері үшін

Приложение
к постановлению акимата
города Астаны
от «19» 08 2025 года
№ 205-3054

Дополнение, вносимое в Устав
товарищества с ограниченной ответственностью
«Астана орманы»

Устав товарищества с ограниченной ответственностью «Астана орманы» дополнить пунктом 10-1 следующего содержания:

«10-1. Основной целью деятельности товарищества является содержание и развитие санитарно-защитной зеленой зоны столицы.».